

"Ачполиметалл" акционерлік қоғамының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 3 маусымдағы N 917

Үкімет жұмыс тобының көшпелі мәжілісінің 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 15-5/37 хаттамалық шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті:

"Ривер Интернэшнл С.А." (Швейцария) компаниясымен келіссөз жүргізсін және "Ривер Интернэшнл С.А." компаниясының "Алауғаз" (Шымкент қаласы) акционерлік қоғамынан "Ривер Интернэшнл С.А." компаниясының 1950 мың (бір миллион тоғыз жүз елу мың) АҚШ доллары мөлшеріндегі дебиторлық берешегін талап ету құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің пайдасына мәмілеге келу туралы Келісім жасалсын;

"Ривер Интернэшнл С.А." компаниясының жоғарыда аталған дебиторлық берешегін талап ету құқығына мәмілеге келуді Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Ривер Интернэшнл С.А." компаниясы арасында 1996 жылғы 20 желтоқсанда жасасылған N 041/012-96 Келісім-шартына сәйкес "Ачполиметалл" акционерлік қоғамының акцияларын төлеу есебіне есептесін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі